

## Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроршылдыққа қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 23 қазандағы N 93 Заңы

Минскіде 1999 жылғы 4 маусымда жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроршылдыққа қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің  
терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы  
ШАРТ \***

*\*(2000 жылғы 5 желтоқсаннан бастап күшіне енді -  
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары  
бюллетені, 2004 ж., N 10, 59-құжат)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, үкіметтер атынан осы Шарттың қатысушы мемлекеттері,

терроризм актілері әкелетін қауіпті сезіне отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шегінде қабылданған құжаттарды, сондай-ақ терроризмнің әр-түрлі бас көтерулерімен күресуге қатысты басқа да халықаралық сипаттағы құжаттарды назарға ала отырып,

бір-біріне мүмкіндігінше кеңірек жәрдем көрсетіп және осы саладағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруды тілей отырып,

төмендегілер жөнінде келісті:

### 1-бап

Осы Шарттың мақсаттары үшін онда пайдаланылған терминдер мынадай мағына б е р е д і :

"Терроризм" - қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, өкімет органдарының шешімдерін қабылдауына ықпал жасау, халықты қорқыту мақсаттарында жасалынған, мынадай түрде көрсетілетін құқыққа қарсы қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттер:

жеке немесе заңды ұйымдарға қатысты зорлық-зомбылық немесе оны жасаймын деп қ о қ а н - л о қ қ ы ж а с а у ;

адамдардың опат болуы қауіпін тудыратын мүліктердің немесе басқа да материалдық объектілердің жойылуы (бүлінуі) немесе жойылу (бүліну) қауіпінің төнуі;

мүлікке айтарлықтай зиян келтіру немесе басқа да қоғамдық қауіпті зардаптардың

т у ы н д а у ы ;

мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткердің өміріне, оның мемлекеттік немесе басқа да саяси қызметін тоқтатуына немесе осындай қызметі үшін өштіктен жасалынған о з б ы р л ы қ ә р е к е т ;

шет мемлекеттің өкіліне немесе халықаралық қорғауды пайдаланатын халықаралық ұйымның қызметкеріне, сонымен қатар халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдардың қызмет жайларына немесе көлік құралдарына шабуыл жасау;

Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес, сондай-ақ терроризммен күреске бағытталған жалпы танылған басқа да халықаралық-құқықтық актілермен террористік ұғымға жататын өзге де іс-әрекеттер;

"технологиялық терроризм" - ядролық, химиялық немесе технологиялық және экологиялық қаупі жоғары объектілерді басып алуды, істен шығаруды және қиратуды, қалалар мен басқа да елді мекендердің өмір сүруін қамтамасыз ету жүйелеріне қарсы, егер осы әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты қорқыту, өкімет органдарының шешімдер қабылдауына ықпал көрсету мақсаттарында, сондай-ақ саяси, пайдақорлық немесе кез келген өзге де мақсаттар үшін жасалынса, сондай-ақ жоғарыда айтылған қылмыстардың бірін сондай мақсаттар үшін жасауға әрекеттену, осындай қылмыстардың жасалынуына немесе жасалыну әрекеттеріне басшылық жасауды жүзеге асыру, қаржыландыру немесе арандатушы, сыбайлас яки дем беруші ретінде қатысуын жүзеге асыруды қоса отырып, ядролық, радиологиялық, химиялық немесе бактериологиялық (биологиялық) қаруларды немесе олардың компоненттерін, патогенді микроорганизмдерді, радиоактивті және адамдардың денсаулығына зиян келтіретін басқа да заттарды пайдалану немесе пайдалану қаупін тудыру;

"технологиялық және экологиялық қаупі жоғары объектілер" - істен шығару адамдардың өліміне, халықтың денсаулығына зиян келуіне, қоршаған ортаның ластануына немесе нақтылы аймақта немесе тұтас мемлекеттегі жағдайдың тұрақсыздығына соқтыратын, кәсіпорындар, құрылыстар, қондырғылар және басқа да о б ь е к т і л е р ;

"арнайы антитеррорлық құрамалар" - терроризм актілерімен күресу үшін ұлттық заңдарға сәйкес Тараптар құрған мамандар топтары;

"арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдары" - қару мен оқ-дәрілерді, арнайы құралдар мен жабдықтарды қоса отырып, арнайы антитеррорлық құрамалардың материалдары, техникалық және көлік құралдары мен жабдықтары.

## **2-бап**

Тараптар терроризм актілерін алдын алу, анықтау, жою және тергеу мәселелерінде ынтымақтастықты осы Шартқа, ұлттық заңдарға және халықаралық міндеттемелерге сәйкес жүзеге асырады.

## **3-бап**

1. Осы Шартқа қол қою кезінде немесе оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік іс рәсімдерін орындау кезінде әрбір Тарап осы Шарттың ережелерін орындауға жауапты өздерінің құзыретті органдарын көрсетеді.

Тараптар өздерінің құзыретті органдарына қатысты барлық өзгерістер туралы дереу депозитарийға хабарлайды.

2. Осы Шарттың ережелерін орындау кезінде Тараптардың құзыретті органдары өзара тікелей байланыс жасайды.

#### **4-бап**

1. Тараптар терроризм актілерімен күрестегі ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде, соның ішінде оларды жасаған адамдарды беру мәселелерінде тиісті әрекеттерді тек қылмыс ретінде ғана қарастырады.

2. Терроризм актісімен айыпталған адамның азаматтығы оны жасаған мерзіммен анықталынады.

#### **5-бап**

1. Тараптардың құзыретті органдары осы Шарт пен басқа да халықаралық шарттарға және ұлттық заңдарға сәйкес, ынтымақтастықты жүзеге асырады және бір-біріне мынадай жолмен жәрдем көрсетеді:

а) ақпараттар алмасу;

б) жедел-іздігі шараларын жүргізу туралы сұратуларды орындау;

в) терроризм актілерінің алдын алу, анықтау, болғызбау немесе тергеу үшін келісілген шаралар әзірлеу және қабылдау мен осы шаралар туралы өзара хабарласу;

г) келесі Тараптың аумағында терроризм актілерін жасауды өз аумағында дайындауды болғызбау және жою үшін шаралар қабылдау;

д) жоғары технологиялық және экологиялық қауіпті объектілерді жеке қорғау жүйесінің жағдайын бағалауға, осы жүйелерді жетілдіру үшін шараларды әзірлеу мен іске асыруда жәрдем көрсету;

е) нормативтік құқықтық актілермен және оларды қолдану практикасы жөніндегі материалдармен алмасу;

ж) мүдделі Тараптар арасындағы келісімі бойынша терроризм актілерін болғызбау және олардың зардаптарымен күресуде практикалық көмек көрсету үшін, арнайы антитеррористік құрамаларды жіберу;

з) тәжірибе жинақтау, семинарлар, кеңесулер мен ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуді қоса отырып террористік актілердің алдын алу және күресу тәжірибелерімен алмасу;

и) қызметкерлерді дайындау және біліктілігін көтеру;

к) Тараптардың келісімі бойынша жоғары технологиялық және экологиялық қауіпті объектілерді жеке қорғау жүйесі мен құралдарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырушылық жұмыстарын бірлесіп қаржыландыру және жүргізу;

л) антитеррористік қызметті қамтамасыз ету үшін келісім негізінде арнайы құралдар, техника мен жабдықтардың жеткізілуін жүзеге асыру.

2. Ұстап беру туралы сұратуларды жіберу және орындау, қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және қылмыстық қудалауды қозғау тәртібі, мүдделі Тараптар қатысушылар болып табылатын халықаралық шарттармен белгіленеді.

### **6-бап**

Тараптар өзара кеңесулер арқылы, террористік актілердің алдын алу және олармен күресу мәселелерін нормативтік-құқықтық реттеуде келісілген қадамдарға жету үшін бірлескен ұсыныстар әзірлейді.

### **7-бап**

1. Осы Шарттың шегінде ынтымақтастық жасау көмек көрсету туралы мүдделі Тараптың сұратуы негізінде, немесе, келесі Тарап үшін мұндай көмек қажет деп тапқан Тараптың бастамасымен жүзеге асырылады.

2. Көмек көрсету туралы сұрату жазбаша түрде жолданады. Кідіртуге болмайтын жағдайларда сұратулар ауызша берілуі де мүмкін, бірақ олар 72 сағаттан кешіктірілмей, соның ішінде мәтінді берудің техникалық құралдары пайдаланыла отырып, жазбаша расталынуы тиіс.

Сұратудың түпнұсқалығына немесе мазмұнына күдік пайда болса қосымша растау сұратылуы мүмкін.

Сұратуда мыналар болуы тиіс:

а) көмек сұраушы құзыретті органның және көмектесуіне сұрау салынған органның аталуы; іс мәнісінің мазмұны; сұратудың мақсаты мен негізі; сұратылған көмек көрсету мазмұнының сипатталуы;

б) сұратудың тиісті орындалуына қажет болуы мүмкін кез келген басқа да мәліметтер.

3. Берілген немесе жазбаша түрде расталынған көмек көрсету туралы сұратуға сұрау салушы құзыретті органның басшысының немесе оның орынбасарының қолдары қойылып, сұрау салушы құзыретті органның елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

### **8-бап**

1. Сұрау салынған Тарап сұратудың тез және мүмкіндігінше толық орындалуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылдайды.

Сұрау салушы Тарап сұратудың орындалуына бөгет жасайтын немесе оның орындалуын айтарлықтай тежейтін жағдайлар туралы дереу хабарланады.

2. Егер сұратудың орындалуы сұрау салынған құзыретті органның құзыретіне жатпаса, онда ол сұратуды өз мемлекетінің оны орындауға құзыретті органына береді және ол туралы сұрау салушы құзыретті органға дереу хабарлайды.

3. Сұрау салынған Тарап, оның пікірі бойынша сұратудың тиісті орындалуына қажетті қосымша мәліметтер сұратуға құқылы.

4. Сұратуды орындау кезінде сұрау салынған Тараптың заңдары қолданылады,

бірақ сұрау салушы Тараптың өтініші бойынша, егер, бұл сұрау салынған Тараптың заңдарының негізгі принциптеріне немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы келмесе, оның заңдары да қолданылуы мүмкін.

5. Егер сұрау салынған Тарап сұратудың тез арада орындалуы оның аумағында жүзеге асырылып жатқан қылмыстық қудалауға немесе өзге де өндіріске кедергі жасауы мүмкін деп пайымдаса, онда ол сұратуды орындауды кейінге қалдыруы немесе оның орындалуын сұрау салушы Тараппен қажетті кеңесулерден кейін белгіленген шарттардың сақталынуымен байланыстыруы мүмкін. Егер сұрау салушы Тарап оған ұсынылған шарттарда көмек көрсетілуіне келіссе, онда ол осы шарттарды орындауы тиіс.

6. Сұрау салынған Тарап сұрау салушы Тараптың өтініші бойынша сұрату түсу фактісін, ол сұрату мен онымен бірге келген құжаттардың мазмұнын, сондай-ақ көмек көрсетілу фактісінің құпиялығын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды.

Егер сұратуды құпиялықты сақтай отырып орындау мүмкін болмаса онда сұрау салынған Тарап сұрау салушы Тарапқа ол туралы мәлімдеп, ол сұратудың осындай шарттарда орындалуын шешеді.

7. Сұрау салынған Тарап мүмкіндігінше қысқа мерзімде сұратудың орындалу нәтижелері туралы сұрау салушы Тарапқа хабарлайды.

#### **9-бап**

1. Егер сұрау салынған Тарап сұратуды орындау өзінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе оның басқа да елеулі мүдделеріне нұқсан келтіреді немесе оның заңдарына немесе халықаралық міндеттемелеріне қайшы болуы мүмкін деп пайымдаса, осы Шарттың шегінде көмек көрсетуден толық немесе жартылай бас тартылуы мүмкін.

2. Егер оған байланысты сұрату түскен әрекет сұрау салынған Тараптың заңы бойынша қылмыс болып табылмаса, көмек көрсетуден бас тартылуы мүмкін.

3. Сұрау салушы Тарап осы баптың 1 тармағында аталған, сұратудың орындалмауы немесе жартылай орындалу себептері көрсете отырып, жазбаша хабарланады.

#### **10-бап**

1. Әрбір Тарап келесі Тараптан алынған ақпараттар мен құжаттардың, егер олар жабық сипатты болса немесе беруші Тарап олардың жария болуын қажетсіз деп санаса, құпиялығын қамтамасыз етеді. Мұндай ақпараттар мен құжаттардың құпиялық дәрежесін беруші Тарап белгілейді.

2. Осы Шарттың негізінде алынған сұратудың орындалу нәтижелері оларды берген Тараптың келісімінсіз басқа да мақсаттарға пайдалануы мүмкін емес.

3. Тараптардың бірі осы Шарттың негізінде алған мәліметтерді үшінші Тарапқа беру үшін, ол мәліметтерді берген Тараптың алдын ала келісімі талап етіледі.

#### **11-бап**

Тараптың құзыретті органдары өзара мүдделі мәселелер жөніндегі ақпараттармен,  
с о н ы ң і ш і н д е :

а) террористік қауіп, дайындалып жатқан және жасалған террористік актілер, жекелеген адамдардың, адам топтарының немесе ұйымдардың терроризм актілерін жасау пиғылдары туралы мәліметтер бар материалдардың өз мемлекеттерінің аумағында таратылуы ;

б) мемлекет басшыларына, халықаралық қорғаудағы адамдарға, Тараптардың дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің және халықаралық ұйымдарының қызметкерлеріне, мемлекеттік сапарларға, халықаралық және ұлттық, саяси, спорттық және басқа да шараларға қатысышуларға қарсы бағытталған, терроризм актілерінің дайындалғандығы;

в) ядролық материалдардың, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) қарулардың немесе оның компоненттерінің, жоғары уытты химиялық заттардың, патогенді микроорганизмдердің заңсыз айналымының фактілері;

г) өз мемлекеттерінің қауіпсіздігіне қатер төндіретін террористік ұйымдар, топтар және жеке адамдар туралы, террористік ұйымдар, топтар немесе жеке адамдар арасындағы орнаған байланыстар ;

д) террористік әрекет тәсілдерін қолданатын, қаруланған заңсыз құрамалар, олардың құрылымы, мүшелері, мақсаттары мен міндеттері;

е) террористік әрекеттердің анықталынған тәсілдері, амалдары және құралдары;

ж) Тараптар өздерінде бар мүмкіншіліктерінің шегінде бір-біріне бере алатын қамтамасыз ету және жабдықтау заттары;

з) осы Шарттың мәнісіне қатысты мәселелерді заңмен және басқа да нормативтік реттеудегі тәжірибелері ;

и) белгілі болған немесе тұжырымдалған қаржыландыру көздері мен олардың мемлекеттерінің аумағына қарулар және терроризм жасаудың басқа да құралдарын заңсыз жеткізудің арналары ;

к) Тараптардың егемендігі мен аумақтық бүтіндігін бұзуға бағытталған террористік қол сұғушылықтар; Тараптар үшін мүдделі басқа да мәселелер туралы ақпараттар алмасады.

## **12-бап**

1. Тараптар сұрату бойынша немесе мүдделі Тараптың келісімімен осы Шартқа сәйкес әдістемелік, консультативтік немесе практикалық көмек көрсету үшін арнайы террорға қарсы құрамаларды қоса отырып, өздерінің құзыретті органдарының өкілдерін жібере алады .

Бұл ретте қабылдаушы Тарап келесі Тарапқа жазбаша түрде өзінің мемлекеттік шекарасынан өтетін жерді, уақыты мен тәртібін және қойылған тапсырманың сипатын хабарлайды, адамдарды, арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын кедергісіз алып өту, сондай-ақ тегін орналастыру, тамақтандыру және қабылдаушы

Тараптың көлік инфрақұрылымын пайдалануды қоса отырып, тиімді шешімдер жасауға көмек көрсетіп, қажетті жағдайлар жасайды.

Террорға қарсы арнайы құрамалардың немесе осы құрамалардың жекелеген мүшелерінің қабылдаушы Тарап аумағына қарай кез келген бағыт алуы қабылдаушы Тараптың арнайы рұқсатымен және құзыретті органның бастығының бақылауымен ғана жүзеге асырылады.

2. Көмек көрсету үшін әуе, автомобиль, темір жол, өзен және теңіз көліктерін пайдаланудың тәртібін қабылдаушы Тараптың мүдделі министрліктері мен ведомстволарының келісімімен Тараптардың құзыретті органдары белгілейді.

### **13-бап**

1. Көмек көрсетудің тиімділігі мен жеделдігі мақсатында Тараптар терроризмге қарсы арнайы құрамалардың шекарадан өтуі кезінде ұлттық заңдармен белгіленген рәсімдердің жеделдете жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

2. Терроризмге қарсы арнайы құраманың басшысы мемлекеттік шекарадан өту бекетінде жіберуші Тараптың құзыретті органдары растаған топтың жеке тізімін және қабылдаушы Тарап аумағына құраманың келу мақсатын көрсете отырып, арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарының тізбесін, ал құраманың басқа мүшелері - ұлттық төлқұжаттары мен терроризммен күресу жөніндегі құзыретті органдарға жататындығын растайтын басқа да құжаттарын көрсетеді.

3. Арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдары кедендік алымдар мен төлемдерден босатылады және көмек көрсету бойынша операциялар кезінде пайдаланылуы немесе ол аяқталған соң қабылдаушы Тараптың аумағынан әкетілуі тиіс.

Егер ерекше жағдайларға байланысты арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын қайта әкету мүмкін болмаса, жіберуші Тараптың құзыретті органдары оларды қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарына тапсырады.

### **14-бап**

Осы Шарттың шегінде арнайы шаралар өткізудің тәртібі туралы шешімді, келесі Тараптан келген террорға қарсы арнайы құрама басшысының пікірін есепке ала отырып қабылдаушы Тараптың құзыретті органы қабылдайды. Егер оның пікірі ескерілмеген болса, құрама басшысы арнайы шаралар өткізуге қатысудан бас тартуға құқылы.

### **15-бап**

1. Қабылдаушы Тарап көмек көрсетуші Тарапқа соның ішінде қабылдаушы Тараптың аумағындағы жеке тұлғалардың қаза табуы, дене жарақатын алуы немесе өміріне, денсаулығына және мүліктеріне, сондай-ақ заңды ұйымдар мен қабылдаушы Тараптың өзіне келтірілген зиянның орнын толтыруға қатысты, егер мұндай зиян осы Шартты іске асыруға байланысты міндеттерді орындау кезінде келтірілген болса қандай да болмасын арыз шағым жасаудан бас тартады.

2. Егер жіберуші Тараптың террорға қарсы арнайы құрамасының мүшесі қабылдаушы Тараптың аумағында осы Шартты іске асыруға қатысты міндеттерді жүзеге асыру кезінде қандай да болмасын жеке тұлғаға немесе зиян келтірсе, осындай жағдайларда қабылдаушы Тараптың террорға қарсы құрамасына қатысушылар жасаған зиянның орнын толтыру үшін қолданылатын ұлттық заң ережелеріне сәйкес, ол шығынды қабылдаушы Тарап өтейді.

3. Алып келінген арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарының жоғалуы, жартылай немесе толықтай жойылуына қатысты шығындарды қоса отырып, жіберуші Тараптың шығындарын өтеу тәртібі, мүдделі Тараптардың келісімі арқылы белгіленеді.

4. Егер Тараптардың бірі террорға қарсы арнайы құрамалардың іс-қимылдары тигізген зиян операция мақсатына сай емес деп есептесе, мұндай келіспеушіліктерді мүдделі Тараптар екіжақты негізде шешеді.

#### **16-бап**

Осы Шартты орындау мақсатында Тараптардың құзыретті органдары қажет болса кеңесулер мен жұмыс кездесулерін өткізеді.

#### **17-бап**

Тараптар өзара келісім бойынша және жекелеген келісімдердің негізінде террорға қарсы арнайы құрамалардың бірлескен жаттығу ойындарын өткізеді және өзара негізде өздерінің ұлттық террорға қарсы бөлімшелерінде, келесі Тарап өкілдерінің тәжірибе жинақтауын ұйымдастырады.

#### **18-бап**

1. Осы Шарттың шегінде Тараптардың құзыретті органдары алған материалдар, арнайы құралдар, техникалар мен жабдықтар үшінші тарапқа осы материалдарды, арнайы құралдарды, техникалар мен жабдықтарды берген құзыретті органның келісіміне және қоятын шартына сәйкес қана беріледі.

2. Осы Шарт шеңберінде көмек көрсетуде террорға қарсы арнайы құрамалар қолданған жедел-ізвестіру қимылдарының тәсілдері, арнайы күштер мен құралдардың, қамтамасыз ету материалдарының сипаттамасы туралы мәліметтер жариялануға жатпайды.

#### **19-бап**

Мүдделі Тараптар қажет болғанда осы Шарттың шеңберінде қаржылай, ұйымдық-техникалық және басқа да көмек көрсету шарттарын келіседі.

#### **20-бап**

1. Осы Шарт Тараптардың осы Шарттың мәнісі болып табылатын мәселелер бойынша екіжақты халықаралық шарттар жасау құқығын шектемейді және Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа да шарттардан келіп



шығатын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

2. Тараптардың құзыретті органдары бір-бірімен осы Шарттың орындалу тәртібін егжей-тегжейлі реттейтін келісімдер жасаса алады.

### **21-бап**

Осы Шартты түсіну немесе қолдану кезінде туындайтын даулы мәселелер Тараптар арасындағы кеңесулер мен келіссөздер арқылы шешіледі.

### **22-бап**

Осы Шарт оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Заңы оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік іс рәсімдерінің орындалуын талап ететін Тарап үшін - депозитарийға қажетті хабарламаны тапсырған күннен бастап енеді. Мұндай іс рәсімдерінің орындалу қажеттігі жайлы Тараптар осы Шартқа қол қойылған соң үш ай мерзім ішінде депозитарийге хабарлайды.

### **23-бап**

Осы Шарт бес жыл мерзімде қолданыста болады және егер Тараптар басқа тәртібін белгілемесе оның жарамдылық мерзімі келесі бес жылдық мерзімдерге автоматты түрде ұзартылып отырады.

Әрбір Тарап осы Шарттың жарамдылық мерзімі ішінде пайда болған қаржы немесе басқа да міндеттемелерін реттей отырып, ол туралы депозитарийді алты ай бұрын жазбаша хабарландыру арқылы осы Шарттан шыға алады.

Бұл ретте осы Шарттың 18 бабының ережелері Шарттан шыққан Тарап үшін 10 жыл мерзімде, ал 10 баптың ережелері - шектеусіз мерзімде қолданыста болады.

### **24-бап**

Осы Шарт күшіне енген соң оған Тараптардың келісімімен депозитарийге қосылу туралы құжаттарын тапсыру арқылы басқа да мемлекеттер, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше емес мемлекеттер де қосыла алады. Мұндай қосылуға келісетіндіктері туралы Тараптардың соңғы хабарламасын депозитарий алғаннан соң отыз күннен кейін қосылу күшіне енген болып есептелінеді.

### **25-бап**

Депозитарий осы Шартқа қосылғандығы немесе оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік іс рәсімдерінің орындалғандығы, Шарттың күшіне енген күні, сондай-ақ басқа да хабарламалар мен құжаттарды алғандығы туралы Тараптарға дереу хабарлайды.

1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында бір түпнұсқалық данада орыс тілінде жасалынды. Түпнұсқалық данасы осы Шартқа қол қойған әрбір мемлекетке оның расталынған көшірмесін жіберетін, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталынады.

Армения Республикасының  
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін

Әзірбайжан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Беларусь Республикасының  
Үкіметі үшін  
Грузия Республикасының  
Үкіметі үшін  
Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін  
Қырғызстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының  
Тәжікстан Республикасының  
Түрікменстан Республикасының  
Өзбекстан Республикасының  
Украина Үкіметі үшін

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің  
терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы  
ш а р т т ы ң ж о б а с ы б о й ы н ш а**  
**ГРУЗИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ**

Шарттың 15-бабының 1-тармағын іске асыру кезінде, осы Шарттың 14-бабында көзделінген тәртіпте белгіленген міндеттерге қарамастан зиян келтірілген жағдайда, Грузия көмек көрсетуші және арнайы іс-шаралар жүргізуші қатысушы Тарапқа талаптар қою құқығын өзіне қалдырады.

Осымен, қоса беріліп отырған мәтін 1999 жылғы 4 маусымда Минск қаласында өткен, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің үкімет басшылары Кеңесінің мәжілісінде қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы шарттың түпнұсқалық көшірмесі болып табылатындығын куәландырамын. Жоғарыда аталған Шарттың түпнұсқалық данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталуда.

*Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
Атқарушы комитетінің төрағасы -*

*Атқарушы хатшы*